

## Ақсу қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2022 жылғы 30 қарашадағы № 204/30 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 желтоқсанда № 31011 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағына 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Ақсу қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Ақсу қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақсу қалалық мәслихатының хатшысы*

*М. Омарғалиев*

Ақсу қалалық  
мәслихатының 2022 жылғы  
30 қарашадағы № 204/30  
шешіміне қосымша

## Ақсу қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтарды жинақтау объектілерінің түрлері	Есептік бірлік	Нормасы, жылына 1 есептік бірлік куб метрге
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,95
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,00
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,36
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,11
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,70
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,85
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,002

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек -орын	1,30
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,354
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,24
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,18
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,10
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,02
13	Спорттық, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,10
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,39
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	4,5
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,56
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0,13
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м2	0,12
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1 м2	0,30
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	жалпы алаңы 1 м2	0,65
21	Дәріханалар	сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,20
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,57
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,92
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,30
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,48

26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,42
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,30
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	5,5
29	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,11
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,76
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,51